

1731ж. 10 қазан күні Әбілқайырдың Ресейге бодан болу жөніндегі ойы қабылданғаны мәлім. Бұл күнді "қазақ басына туған қаралы күннің бірі ретінде көрсетіледі". Алайда бейтарап зерттеушінің пікірінде"... Бұл келісім екі жақ үшін де тиімді еді. Әбілқайырға ол саяси жағдайын жақсартып, елдің экономикалық тұрақтылығын нығайтып алуға мүмкіндік берді. Өйткені Ресейдің аймақтағы ең қауіпті күш екенін қазақтар да, олардың көршілері де көріп отырған. Сол тұрақтылықтың өзі ең басты жетістік еді. Бұл кезде Кіші жүздің экономикасы құлдырау шегіне жеткен болатын"Марта Брилл Олкотто.Тарихи құжаттар Әбілқайыр Ресей протекциясын сұрауға шын ниетімен бармаған, ондай қадам жасауға мәжбүр болған деген тұжырымға итермелейді. АИ.Тевкелевтің "Неліктен сіз басқа хандар мен сұлтандардың,беделді старшындардың келісімінсіз бұл іске (яғни Ресей бодандығын қабылдауға-К.Е.)бардыңыз?"-деген сұраққа, Әбілқайыр "Жылдар бойы қонтайшымен соғысып келемін,оған әлім жетер емес... Оның үстіне Еділ қалмақтары, башқұрттар, Бұхара және Хиуамен соғыса бастадық. Төрт жағымыздан бірдей жау қоршауында қалдық" деген жауап алды.[Әбілқайыр хан,9бет]. Әбілқайыр өз шешімі арқылы Кіші жүз қазақтарын тәуелкеге байлады. Шыныда бұл шешім сол кездегі саяси дағдарыс үшін ең тиімді шешім болды.

Әбілқайыр ханның билігі кезінде ішкі саяси тұрақтылықты сақтау үшін түрлі рулар мен тайпалар арасындағы қақтығыстарды реттеуге күш салды. Бұл оның билігін нығайтып, халықтың бірлігін қамтамасыз етуге көмектесті.Әбілқайыр хан — қазақ тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі. Оның билігі кезеңінде қазақ хандығының қауіпсіздігі мен тәуелділігіне қатысты бірнеше маңызды шешімдер қабылдады. Әбілқайыр хан көрші мемлекеттермен, әсіресе, Ресей мен Жоңғариямен саяси одақтар құруға тырысты. Бұл одақтар қазақ хандығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды. Хан әскери күшті нығайту үшін реформалар жүргізіп, қазақ әскерінің ұйымдастырылуын жақсартты. Бұл шешімдер сыртқы қауіптерге қарсы тұруға мүмкіндік берді. Әбілқайыр хан сауда жолдарын дамытуға назар аударды. Бұл арқылы хандықтың экономикалық тәуелсіздігін арттыруға тырысты. Ханның билігі кезінде қазақ хандығы Ресей империясының ықпалында болды. Әбілқайыр хан Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынастарды нығайту арқылы тәуелділікті азайтуға тырысты, бірақ бұл процесс күрделі болды. Хан ішкі тұрақтылықты сақтау үшін ру-тайпалық қатынастарды реттеуге көңіл бөлді. Бұл, өз кезегінде, сыртқы қауіптерге қарсы тұруға мүмкіндік берді. Қорытындылай келе, Әбілқайыр ханның шешімдері қазақ хандығының қауіпсіздігі мен тәуелділігін басқаруда маңызды рөл атқарды. Оның саясаты қазақ халқының тарихында терең із қалдырды, әрі бүгінгі күні де зерттеліп, талқылануда.

Әбілқайыр ханның тарихи шешімдері қауіпсіздік пен тәуелділік мәселелерін тереңінен зерттеуді талап етеді. Оның саясаты Қазақстанның тарихи дамуында маңызды із қалдырды, ал оның қабылдаған шешімдері бүгінгі күні де өзекті болып табылады. Тарихшылар мен зерттеушілер үшін Әбілқайыр ханның мұрасы – қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болатбек Нәсенов(тарих ғылымдарының докторы), 22 ақпан 2012 жылы anatili.kazgazeta.kz сайтында басылды.<https://anatili.kazgazeta.kz/>
2. Есламғалиұлы Мұқадес:Сан қилы сауал(қазақ әдет-ғұрпы,хандары туралы), Е83.Сан қилы сауал. Ойталғақ. - Алматы: - Ана тілі, 1995.
3. Әбілқайыр хан:жинақ/құрастырған:Ф.Әнес,К.Есмағамбетов.Толықтырылған,екінші басылым, - Алматы: «Арыс» баспасы 2010-344 б.
4. Амантай Исаұлы мақаласы 5 қазан қазан 2015 жыл. <https://aqtobegazeti.kz/?p=33242>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДҮНГЕН ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТИ

Кұлымбетова І. С.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к.,қауымдастырылған профессор Туякова А.Е.

Астана халықаралық университеті

kulymbetovainzhu1@gmail.com

Астана қ.

Қазіргі әлемде жаһандандудың әсерінен азшылықтағы диаспоралар жойылу алдында тұр. Сондықтан олардың дәстүрлері мен ғұрыптарын сақтауы, әр этностың бірегейлігін білдіретін өзіндік ерекшелігін болашақ ұрпаққа жеткізу аса маңызды болып табылады. Бұл жұмыста жалпы дүнген диаспорасының тарихына, өмір салтына шолу ұсынылады, жағдайларға талдау жасалды ерекше ұлттық мәдениетті сақтауға мүмкіндік берген негізгі аспектілер қарастырылады. Мақалада дүнген тілі бойынша келтірілген статистикалық ақпараттар дүнген диаспорасының жас буындары арасында сұраныстың төмендегенін дәлелдеп, аталған тақырыптың бүгінгі күні өзекті екенін көрсетті.Дүнген диаспорасының қазақстанда қоныстанып,өздерінің ұлттық болмысын сақтау процесі жеңіл түрде өтті.

Бұл мақаланың мақсаты Қазақстандағы дүнген диаспорасының этномәдениетінің сақталуына талдау жасау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: Дүнген диаспорасының қоныс аударуының негізгі

себебін анытау; Қазақстан аумағында тұратын дүнген халқының өмірінің және мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау; Дүнген диаспорасын этномәдениетін сақтауға ықпал ететін жағдайларды анықтау.

Қазіргі Қазақстан көпұлттық мемлекеттердің бірі ұлттық құрамы бойынша 130 астан этникалық топтар қазақ жерінде бейбітшілікпен ынтымақтастықта өмір сүруде. Ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатының арқасында дәстүрлі тамырларын белгілі бір дәрежеде сақтаған ұлттық-этникалық қауымдастықтардың әрқайсысы прогрессивті дамудың нақты мүмкіндіктеріне ие.

Ұлттық азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясат аса маңызды болып табылады. Әртүрлілік құқығы, атап айтқанда мәдениетке қатысты, дінге және т.б. ол мемлекеттің ұлтаралық келісімде дамудағы негізгі аспектісі деп атауға болады. Ежелгі гректер де әртүрлілікті бірлік ретінде түсініп, үйлесімділікке ұмтылды. Кейінірек идеологиядағы, теориядағы, діндегі, мәдениеттегі және ақырында көзқарастар мен пікірдегі әртүрлілік құқығы демократияның баға жетпес бөлшегіне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жынысына, ұлтына, тіліне, дініне, саяси және діни сенімдеріне қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының теңдігіне кепілдік беретіні жарияланды. Конституция негізінде халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына және халықаралық шарттарға сәйкес адам бостандығының негізгі құқықтары танылады және кепілдендіріледі делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясында Қазақстан халықтарын құрайтын барлық ұлт өкілдеріне негізгі құқығына қамтамасыз ету бағытында нормалар айқындалған. Атап айтқанда, өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар екендігі көрсетілген. [1]

Қазақстан көпұлтты мемлекет халқы арасында ғылыми қызығушылық пен зерттеудің объектісі, басқа этностармен қатар, дүнген ұлттық-этникалық бірлестігін атап өтуге болады. Олар, өзінің жекелеген аймақтарда этникалық топ ретінде білесіп өмір сүруімен қызықты болып отыр. Дүнгендер саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа жағдайларға байланысты XIX ғасырдың аяғында Қазақстанмен мен патшалық Ресейдің басқа аймақтарына қоныс аударғандар. Дүнген босқындары Ресей империясына (1877-1878 жж. және 1881-1883 жж.) қазіргі Қазақстанмен Қырғызстан жерлеріне екі сатылы көшуінің маңызды тарихи салдары онда дүнген ауылдарының (жекелеген болыстарда) құрылуы болып табылады. Осы тұста, Ресей патшалығының қоластындағы аумақтарға дүнген диаспорасының келуі үш үлкен топ негізінде (әр топта мыңға жуық дүнген, әр отбасы шамамен мүше), Қытай-Ресей шекарасының әр жерінен жүзеге асқандығы туралы тарих беттерінде баяндалған. Дүнген диаспорасы үшін сондай қоныс аудару туралы күрделі шешімді қабылдау Қытайдың Цин империясының дүнген өкілдерін қудалаумен тікелей байланысты болды. Бүкіл бұқара үшін және дүнгендік қоныс аударушы босқындар үшін басқа патшалыққа көшу ерікті-мәжбүрлі болды, бұл бір қарағанда парадоксальды түрде көрінуі мүмкін.

Сонымен, бірінші кезеңде Қытайдың Ганьсу және Шэньси провинцияларынан келген дүнген қоныс аударушылардың барлық үш тобы маньчжуро-Цин әулетінің қысымына қарсы күрескен және жеңіліске ұшыраған бүлікшілердің шашыраңқы отрядтарының қалдықтарын құрады. Отрядтардың бірін Дүнген көтерілісінің танымал Халық қаһарманы Бай Ян-ху басқарды, оған Қашқарияға шегіну кезінде кішігірім көтерілісшілер отрядтарының көтерілісшілері қосылды. Олармен бірге бейбіт тұрғындар - бүлікшілердің отбасылары, көршілері мен жерлестері кетіп, барлық дүнгендерді, соның ішінде әйелдерді, балалар мен қарттарды жаппай қырып-жоюдан қашып кетті. Олар үшін басқа балама болған жоқ не Шыңжаңда қалып, жазалаушы әскерлердің жоғары әскери бөлімдерімен тең емес шайқаста қаза тауып, көтеріліс аймақтарында тұтқындарды ғана емес, бейбіт дүнгендерді де аяусыз жойып жіберді немесе бәріне, олардың тұрмыс салты ұқсас, діні бәр көршілес тұрған елге көшу ғана таңдау болды. Бай Ян-ху мұны әсіресе әскери бақыт көтерілісшілерден бас тартқан кезде анық түсінді.

Мұндай қатал балама XIX ғасырдың 80-жылдарының басында қоныс аударудың екінші кезеңінде Іле (Кұлжа) өлкесінің қытайлық емес тектес дүнгендер, ұйғырлар және басқа тұрғындарының алдында тұрған жоқ деп айтуға болады. Олар, Жетісу мен көршілес аймақтарға қоныс аударушылардың екінші толқынын құрады. Шыңжаңда да, 1881 жылғы Ресей мен Қытай арасындағы Санкт-Петербург келісімінің шарттары бойынша олар Цин әулетінің бағыныштылығында қала алады немесе Ресей азаматтығын қабылдап, көрші мемлекеттің (яғни Ресейдің) жерлеріне қоныс аудара алады.

Алайда, Іле дүнгендері мен ұйғырлары Манас пен Қашғар қалаларының көтерілісшілері тастап кеткеннен кейін жазалаушылар жасаған қорқынышты қырғыннан және олардың жерлестерін қорлаудан қатты қорқып, олардың көпшілігі отандастарының соңынан қоныс аударуды таңдады. Жоғарыда айтылғандай, бұл жағдайлар дүнген қоныс аударушыларының Орталық Азия уақытша көшуіне, сондай-ақ олардың бір бөлігінің Қазақстанның оңтүстік өңіріне тұрақты қоныстану әкеліп соқты. Айтып өту қажет, Түркістандағы Ресей билігі күтпеген жерден келген және көрші мемлекеттен қоныс аударушылардың едәуір бөлігін қабылдауға және орналастыруға дайын емес еді. Сонымен қатар, отырықшы өмір салтын ұстанған дүнгендердің негізгі табыс көзі ауышшаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан егіншілікті жүзеге асыратын сумен қамтылған жер телімдерін қоныс аударған дүнгендерге бөлуде де бірқатар қиындықтар орын алғандығын байқауға болады [2, 105-115].

Алайда, қоныс аударған дүнгендерге жерсіңуге бірқатар факторлар өз көмегін келтірді десек болады. Мысалы, дүнгендер диаспорасының Орталық- Азияға қоныс аудару процесстерін терең зерттеген ғалымдардың бірі А.А. Джон этникалық маркерлерді салыстырмалы кестесін ұсынады.

Кесте-1

Этникалық маркерлер

Дүнгендер		Қазақтар
Шаруашылығы		
Егіншілік, бау-бақша, отырықшыл мал шаруашылығы	Ұқсас емес	Көшпелі, жартылай көшпелі, шалғайдағы мал шаруашылығы, Егіншілік
Тұрғын үй		
Тұрақты тұрғын үй, саман, сазды, қаңқалы-бағаналы құрылымдар	Ұқсас емес	киіз үй, саман,
Киім		
Маньчжуро-Қытай киімі	Ұқсас емес	Жалпы түрікі халқының киімі
Тамақ		
Егін шаруашылығы өнімдері, бау-бақша, ет	Ұқсас емес	Мал шаруашылығы өнімдері, ет, сүт; дәнді дақылдар
Тіл		
Сино-Тибет тобының тілі	Ұқсас емес	Түркі тілдес
Дін		
Ислам	Ұқсас	Ислам
Антропологиялық тип		
Орталық Азия моңғолоидт түрі	Ұқсас	Орталық Азия моңғолоидт түрі

(Кесте №1 Джон А.А. деректері бойынша автормен дайындалған) [3, 200-205].

Кемінде екі фактор, яғни антропологиялық типі және діні бойынша ұқсастық дүнгендерге қазақ жерінде бейімделуіне үлкен әсер етті деуге болады. Әрине, Кеңес одағы кезінде бір ұлт негізіндегі саясат аясында этникалық топтар өздерінің тілін, мәдениетін толыққанды дәріптеп оны өсекелең ұрпаққа жеткізуде бірқатар қиыншылықтар туындады. Соған қарамастан дүнген диаспорасы өзіндік ұлттық құндылықтарын сақтап қала алған этникалық топ деп топшалауға болады. Дүнгендердің этномәдениетін сақтап қалуға әсер еткен негізгі үш фактор деп айтсақ болады. Олар, шоғырланып өмір сүруі салты, дін және ұлттық тілі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика Бюросының деректеріне сүйенсек, 2009 жылы ұлттық санақ бойынша Қазақстан аумағында 51 мыңға жуық дүнген ұлтының өкілдері тұрған. Ал, 2021 жылғы ұлттық санақ деректеріне көз жүргіртсек, олардың саны 78 мыңға жуықтаған, яғни халық санының өсімі 51,7%-ға артып отыр. Алайда, соңғы ұлттық санақ деректерін зерделеу барысында дүнгендердің арасында туған дүнген тілін меңгергендер саны азайғандығын аңғаруға болады. Мысалы, 2009 жылы жалпы дүнген ұлтының 84,4%-ы түсініп, сөйлей алатын болса, 2021 жылғы ұлттық санақ бойынша тілді меңгергендер үлесі 10,5%-ға азайып, 73,9%-ды құрады. [4]

Бұны, халық санының 2009 жылдан бері 50%-дан астамға артуы және дүнген этникалық топтың жаңа буын өкілдерінің өзінің тілі ретінде басқа тілдерді қолдануымен байланыстыруға болады. Соның әсерінен тілдік ассимиляция орын алуда деп айтуға болады. Ал, дүнген тілінің ұмытылуының негізгі себептері ретінде дүнген тілін оқытатын мектептің және ғылыми материалдардың жетіспеушілігі бұл мәселені ушықтырды. Нәтижесінде тіл мәдени бірегейліктің негізі ретінде біртіндеп жоғалады деп тұжырымдадық.

Статистикалық деректер негізінде, Қазақстан жерін мекендейтін дүнгендердің басым көпшілігі Алматы, Жетісу, Жамбыл облыстарының ауылдық елді мекендерінде шоғырланған. Соған сәйкес, осы аймақтарда тұратын дүнген этникалық топтары дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, тілі мен дінін сақтау үшін «Қазақстан дүнген қауымдастығы», «Дүнген «Шинсын» мәдени орталығы» ҚБ, «Дүнген Республикалық этномәдени орталығы» РҚБ және т.б. арнайы ұйымдар құрған болатын. Олардың бәрінің негізгі мақсаты-дәстүрлерін жаңғырту, сақтау және дамыту, дүнгеннің әдет-ғұрпы, тілі, мәдениеті мен тарихы, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының идеяларын іске асыру. Осы тұста, «Дүнген Қазақстан қауымдастығы» РҚБ президенті, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі М. Дауров «дүнгендер жаңа өмір жағдайларына бейімделді. Олар ұзақ уақыт бойы өздерінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, тілі мен дінін сақтай алды, осы аумақта диаспора ретінде өмір сүрді. «Дүнгендер ата-бабаларының бұйрығын орындай отырып, ұлттық дәстүрлерді сақтайды. Ата-бабаларымыз мәдениет пен дәстүрді сақтау керек, бұл ұлттың өзін құтқарады деп айтқан» деп пайымдаған [5].

Оның пікірінше, орыс әріптеріне негізделген жазуды құру дүнген тілін сақтауға көмектесті. Біздің ойымызша, ұлттық бірегейлікті сақтауға және этномәдениетті сақтауға әсер еткен негізгі шарттардың бірі - дүнгендердің бір жерге шоғырланып тұруы болды. Дүнгендерге тән этникалық белгілер ауылдарда көбірек сақталады. Бұл ұлттық тілді қолдануда, дәстүрлі тағамдарды дайындауда, өнеркәсіптік жолмен өндірілмейтін дәмдеуіштерді дайындаудан көруге болады. Сонымен қатар, отбасы құндылықтары да бұрынғыдай қатты сақталған. Оны дәстүрлі отбасындағы міндеттерді бөлуде де көрінеді, мысалы, әйелдер тамақ бергенде, бірінші кезекте ер адамдарға немесе отбасындағы үлкендерге бастайды.

Шоғырланып өмір сүру адамдарды белгілі бір мінез-құлық нормаларын ұстануға мәжбүр етеді. Урбанизация әсерінен жастар жұмыс іздеп немесе басқа қалалар мен мемлекеттерге оқуға кетсе де, ата – аналар балаларын, ауылдастарына үйлендіруге тырысады. Өйткені олар сол әрекеттермен ұлттық тамырларын сақтауға тырысады. Дүнген халқының «Әр құс өз ұясына ұшады» деген мақалы сол пікірлерін растайтын секілді.

Дүнген этникалық топтың этномәдениетінің сақталуына дінің әсері көп. Соның ішінде, ислам діні дәстүрлерімен құндылықтарын сақтап қалуда қатты әсер етті деуге болады. Ресей ғылым Академиясының шығыстану институтының ғалымы А.Кадырбаевтың пайымынша «Қытайдағы мұсылман қауымының өмір сүру себептерінің арасында, ең алдымен, олардың исламдық рухани құндылықтарға деген шынайы сенімі, өйткені бұл ислам діні дүнген этносының халық ретінде қалыптасуының негізі болды» деп атап өткен [6, 131-135].

2021 жылғы халық санағының деректеріне сүйенсек, дүнгендердің 100% ислам дінін ұстанатын мұсылмандар екеніне көз жеткіздік.

Жоғарыда атап өткеніміздей, дүнгендер шоғырланып, ауылдық жерлерде тұрады. Мысалы, Сарытөбе (Алматы обл.), Жалпақтөбе (Жамбыл обл.) секілді елді-мекендер. Осы елді-мекендердің өзінде дүнген диаспорасы мекендейтін ауылдарда кемінде бірнеше діни орталықтардың болуы соған дәлел. Дүнгендердің басым көпшілігі шоғырланып өмір сүргендіктен жоғарыда аталғандай өзгелердің белгілі бір мінез-құлық нормаларын ұстануы, келсі бір азаматтардың сол қағидатпен өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Яғни, аға буын өкілді дінді мүлтіксіз ұстануы келесі ұрпаққа үлгі болып, солай өмір сүруіне әсерін тигізеді деп тұжырымдалады. Дүнгендердің аға буын өкілдері арасында дін қатты ұстанғандықтан жұма намазы және діни мерекелер уақыты, ауылдың барлық ер тұрғындары шоғырланған елді-мекендердегі мешіттерде жиналады. Бұл мерекелерге жақын және алыс шетелдерден дүнгендердің туыстары қатысады. Соған байланысты дүнгендер арасында туыстық байланыста қатты сақталған деуге болады. Дүнгендердің өмір сүру салтының ерекшелігі жерге деген сүйіспеншілігіне негізделген деп қарастырылады. Ауылда тұратын дүнгендер егістікпен айналысады немесе осы ауылшаруашылығына инвестиция салады. Жерге деген сүйіспеншілік әр үйде жақсы күтілген көкөніс бақшасының, жүзімдіктің, жеміс бақтарының болуымен дәлелденеді. Әр отбасы өз үстеліне көкөністер мен дәмдеуіштерді өсіруге тырысады. Ұлттық тағамдардың ерекшеліктері қолданылатын өсімдіктердің алуан түрлілігімен расталады.

Қоныс аударғаннан кейін дүнгендер жер қағидаты бойынша қоныстанды – Қытайдағы бір ауылдан қоныс аударушылар бірге қоныстанды. Әр түрлі ауылдардың тұрғындары арасында біршама айырмашылықтар бар. Олардың барлығы керемет фермерлер. Дүнгендер өздерімен бірге Жетісуға жасанды суарумен егіншіліктің бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерін алып келді. Г. Гинстің «Бұл дүнген бақтары қоныс аударушылар үшін агрономдар ұйымдастырған көрме алқаптарынан кем емес» деген [7, 235-237].

Дүнгендердің жерге деген сүйіспеншілік киім, аяқ киімге және т. б. безендірілген ою-өрнектерде көрінеді. Дүнгендер қолданатын ою-өрнектер шабдалы «тор» мен бамбук «жүзімдік» бейнелері, бұл ұзақ өмір сүруді білдіреді, ал пион – байлық, далия «моданхуар» - сән-салтанат пен байлықты сипаттайды. Бүгінде жеміс-жидек, гүлмен байланысты ою-өрнектер дүнгендерді күнделікті тұрмыс-тіршілікте киетін киімдеріне қолданылмаса да, қалыңдықтың той көлектерін сәндеу де кеңінен қолданылуда.

Жерге деген сүйіспеншілік дүнгенді белгілі бір жерге байлайды деп айтсақ болады, олсыз ауыл тұрғындары өз өмірін елестете алмайды. Жердегі жұмыс отбасылық дәстүрлермен тығыз байланысты: үлкендерді құрметтеу, кішілерді қолдау. Бұл өз кезегінде ислам ережелеріне байланысты – «ананың аяғының астындағы жұмақ» деген, осы ретте, бұл ереженің қазақ отбасылары арасында да кеңінен қолданылатын атап өткен жөн. Осылайша, бір жерде шоғырланып өмір сүріп, ислам дінін ұстанып, ұлттық тілді және мәдениетті сақтап қалу дүнгендер үшін II ғасыр бойы мүмкін болып келді.

Алайда, бүгінде барлық кіші халықтардың проблемасы - жаһандану кезеңінде өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалу.

Дүнген халқының өзі бұл мәселені түсініп, мәдениетті, тілді сақтау үшін «Қазақстан дүнген қоғамы» республикалық этномәдени бірлестігі, онда «Чунтян» фольклорлық ансамблі (Көктем), «Гунян Теу» би тобы (биші қыздар), жастар қанаты, «Вынхуа» дүнген қауымдастығының этнографиялық мұражай құрудағы қызметі және дүнгендер шоғырланған елді-мекендердегі жергілікті мектеп мұғалімдерінің дүнген тарихындағы, мәдениетіндегі ақ дақтар бойынша оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және осы қызмет арқылы өз халқының бастауларымен таныстыруға және қызығушылығын арттыруға үлкен көмек бола алады [8].

Осы тұста, жастарды дүнген диаспорасының этномәдениетін игеруге және дәріптеуге тарту керек. Мүмкін дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеттің сыртқы жақтарын жандандыру арқылы. Бұл мерекелік костюмдердің этнографиялық коллекцияларын құру, сәулет өнерінің ерекше элементтерін пайдалану, ұлттық мәдениеттің дамуын әсер етуі мүмкін деп болжанады.

Жоғарыда баяндалғандарды қорыта келе, Қазақстандағы дүнген диаспорасы елдің этникалық және мәдени әралуандығын айқындайтын маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. XIX ғасырдың соңында Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған дүнгендер өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтай отырып, жергілікті қоғаммен бейбіт қарым-қатынас орнатты. Қазақстандағы дүнген диаспорасының этномәдениетіндегі негізгі проблемаларды атап өтсек, ұлттық тілдің ассимиляциясы, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жоғалуы, этникалық стереотиптердің пайда болуы, білім және мәдени ағартуда ұлттық тілдің пайдаланылмауы және жастар арасындағы көші-қон көрсеткішінің өсуі секілді негізді себептері бар деп тұжырымдауға болады. Бүгінгі таңда дүнген диаспорасының этномәдениеті дәстүрлі құндылықтар мен өзгерістердің үйлесімін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>
2. Сушанло М. Дунганское восстание второй половине XIX в и роль в нем Бай Яньху/М.Сушанло. - Фрунзе: Киргиздат, 1959. -С.105-115.
3. Джон А.А. Некоторые аспекты этнической и национальной идентичности дунган (хуэйцзу) Кыргызстана.Издательский дом ВГУ, 2016. -С. 200-205.
4. Ұлттық статистика Бюросының деректері <https://stat.gov.kz/ru/instruments/dashboards/28424/>.
5. Официальный сайт и форум. <http://www.dungane.kz/>.
6. История и культура малочисленных народов Казахстана: Учебное пособие для 10 кл. общеобразовательных школ.- Алматы: «Дайк-пресс», 2001. -С.131-135.
7. Джон А.А. Обычаи, обряды, поверья дунган Центральной Азии. - Бишкек: Илим, 2016. -С.235-237.
8. https://www.inform.kz/ru/zhanseit-tuymebaev-nam-vazhen-opyt-dunganskogo-etnosa-v-rynochnoy-adaptacii_a3581322.

ПРОТИВОСТОЯНИЕ КОНТРЕВОЛЮЦИОННОЙ И СОЦИАЛИСТИЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПРОЦЕСС СТАНОВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО СУВЕРЕНИТЕТА

Левонюк В.А.

Научный руководитель: м.ғ.н. Д. Д. Шапагатова
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
hxjxkxusismf@gmail.com

Начало XX века в Казахстане стало временем интенсивных политических изменений и борьбы за будущее народа. На этом фоне разворачивалось противостояние двух ключевых групп интеллигенции: представителей движения «Алаш» и сторонников социалистических идей. Лидеры движения «Алаш», такие как Ахмет Байтурсынов и Мыржакып Дулатов, выступали за сохранение культурного наследия и автономию в рамках федеративной России [1, с. 56]. Их противниками были социалистические интеллектуалы, такие как Сакен Сейфуллин и Турар Рыскулов, которые считали большевистскую революцию лучшим путём для освобождения казахского народа от колониализма [3, с. 32; 6, с. 76]. Несмотря на различия в подходах, обе группы преследовали одну цель — освобождение и развитие казахского народа. В данном исследовании внимание уделено ключевым фигурам — Мыржакып Дулатову и Сакену Сейфуллину, их деятельности и влиянию на национальное движение.

Мыржакып Дулатов, один из ведущих лидеров движения «Алаш», был публицистом, поэтом, писателем и политическим деятелем. Его работы сыграли ключевую роль в пробуждении национального самосознания казахского народа. Одним из важнейших его произведений стал стихотворный сборник «Оян, казак!» (1909), где он призывал народ к пробуждению от «политической спячки», осознанию своих прав и необходимости борьбы за независимость [1, с. 35]. Сборник включал стихи, обличавшие царский гнёт, социальное неравенство и угрозу утраты национальной идентичности. Лозунг «Пробудись, казак!» стал символом движения за национальное возрождение [1, с. 38].

В 1913 году Дулатов совместно с Ахметом Байтурсыновым и другими соратниками начал издавать газету «Казах», которая стала рупором идей автономии. На страницах издания обсуждались вопросы сохранения казахских земель, реформ в образовании и необходимости создания автономного государства [2, с. 48; 5, с. 43]. Газета освещала проблемы, вызванные переселенческой политикой Российской империи, и критиковала мобилизацию казахов на тыловые работы в годы Первой мировой войны [3, с. 40; 6, с. 74].

После Февральской революции 1917 года Дулатов участвовал в организации Всеказахских съездов, на которых обсуждались вопросы создания автономии Алаш-Орда. Однако, несмотря на временное признание автономии большевиками, движение «Алаш» потерпело поражение из-за идеологических разногласий с советской властью [5, с. 44]. Дулатов продолжал работать в области просвещения, преподавал, создавал учебные материалы, пока в 1930 году не был арестован. В 1935 году он умер в лагере [1, с. 46; 7, с. 62].